



## Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібін қалпына келтірудің және дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 шілде N 1003

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібін қалпына келтірудің және дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 25 шілдедегі  
N 1003 қаулысымен  
бекітілген

Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібін қалпына келтірудің  
және дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы

### ПАСПОРТ

Атауы Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібін қалпына  
келтірудің және дамытудың 2000-2003  
жылдарға арналған бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеу Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
туралы шешім Қ. Тоқаевтың 2000 жылғы 12 ақпандағы N 28ө өкімі

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Экономика және сауда  
министрлігі, Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі  
кәсіпорындарының қауымдастығы, Шығыс Қазақстан  
облысының әкімияты

Бағдарламаның мақсаты Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібін қалпына келтіру және кешенді дамыту, саланың технологиялық және техникалық артта қалушылығын жою, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, ішкі рынокты отандық өндірістің жоғары сапалы өнімімен толықтыру

Бағдарламаның міндеттері Ішкі рынокты теріс пиғылды импорттан қорғау арқылы саланы қалпына келтіру және дамыту үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау; өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін арттыру; салаға инвестициялар тартуды ынталандыратын жағдайлар жасау

Қаржыландыру көздері Несиелік ресурстар, кәсіпорындардың өз қаражаты, шетелдік капитал

Іске асыру мерзімі Бағдарламаны іске асыру 2001-2003 жылдар кезеңіне белгіленген

## КІРІСПЕ

Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібін қалпына келтірудің және дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ. Тоқаевтың 2000 жылғы 12 ақпандағы N 28ө өкіміне сәйкес әзірленді.

Көрсетілген бағдарламаны әзірлеудің қажеттігі Қазақстан экономикасының ағашқа, отандық өндірістің ағаш бұйымдарына және жиһаздарына мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін қажетті шикізат ресурстары, қуаттары, жұмысшылары мен инженер кадрлары болуынан туындайды.

Соңғы 10 жыл ішінде сала құлдырауға ұшырады. Қолдағы шикізат базасы тиімді пайдаланылмайды. Соңғы жылдары ағаш елден жұмыр күйінде шығарылып отыр. Бұл ретте алынатын қалдықтар іс жүзінде пайдаланылмайды.

Тақта материалдарын өндіру тоқтатылды. Көптеген өндірістердің өсіп отырған техникалық мешеулігі салдарынан ағаштан жасалған бұйымдардың, әдетте сапасы төмен. Бұрын ағаш бұйымдары мен жиһаздары өндірісіне мамандандырылған ірі және орта кәсіпорындар тоқтап тұр немесе таратылған. Саланың көптеген шағын

кәсіпорындары қалыптасу кезеңін бастан кешіруде және мемлекеттік қолдау  
ш а р а л а р ы н а м ұ қ т а ж .

## 1. ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

### 1.1. Ішкі рыноктың жай-күйі

Соңғы он жылда ағаш өңдеу және жиһаз жасау өнеркәсібінде өндірістің озыңқы құлдырауы байқалып отыр. Салада тауарлық өнім шығару көлемі 1999 жылы 1990 жылмен салыстырғанда 6 есеге қысқарды, өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы үлесі 2,7%-дан 0,2%-ға дейін немесе 13,5 есеге төмендеді.

Өзімізде ағаш дайындау 1991 жылғы 2,5 млн. м<sup>3</sup>-ден 1999 жылы 885 мың м<sup>3</sup>-ге дейін немесе үш есе қысқарды. Соның ішінде Шығыс Қазақстан облысы бойынша 800 мың м<sup>3</sup>-ден 57 мың м<sup>3</sup>-ге дейін немесе 14 есе. Өңделмеген түрдегі ағаш материалдарының экспорты 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 2,4 есе өсті және 6 5 9 4 2 , 7 м 3 к ұ р а д ы .

Дағдарыс және қазақстандық рыноктың ашықтығы жағдайында саланың көптеген кәсіпорындары импортталатын өніммен бәсекеге төзе алмай өндірісті тоқтатуға мәжбүр болды. Бұған шаруашылық субъектілері мен халықтың жиһазға және ағаш бұйымдарына төлеуге қабілетті сұранымының төмендеуі және отандық өндірісті дамытуға ынталандырмайтын, сала үшін қолайсыз экономикалық жағдайлар ықпал етті .

Саланы қалпына келтіруге және дамытуға:

салаға инвестициялардың болмауы, өндірістің техникалық және технологиялық жай-күйінің төмен деңгейі, саланың бұрынғы КСРО-дан қалған көптеген кәсіпорындарында жабдықтардың моральдық және табиғи тозуы;

жаңадан құрылған кәсіпорындарда өздерінің айналым қаражатының жетіспеуі және кепілдіктің жоқтығы мен несиелеу ставкаларының жоғарылығынан банктердің несиелері есебінен оларды толықтыру мүмкіндігінің болмауы;

ағаш тақталар мен кесілген материалдар шығару жөніндегі отандық өндірістерді жою к е д е р г і к е л т і р у д е .

Саланы қалпына келтіру және дамыту үшін ұйымдық, экономикалық, қаржылық және техникалық жағдайлар жасау қажет. Соның ішінде ішкі және сыртқы рыноктардағы сұранымға сәйкес меншікті шикізат базасын дамыту ағаш, ағаш тақталарын, ағаштан жасалған бұйымдар, кең ассортиментте жоғары сапалы жиһаздар ө н д і р у .

Ағаш, ағаш бұйымдары мен жиһаздары экспорты мен импортының өндірістік балансына негізделіп, Қазақстан рыногының осы өнімдер бойынша сыйымдылығы 1998-1999 жылдары 10-12 млрд. теңгені құрады. Ұй шаруашылықтары кірісінің статистикасына сәйкес оларда жиһаздар басым болып келетін ұй тауарларын сатып алу

1998 жылы 13,1 млрд. теңге, ал 1999-2000 жылдары 13-13,5 млрд. теңгені құрады.

Заңды тұлғалардың жиһаз сатып алуын назарға ала отырып, жиһаз бойынша ішкі рыноктың сыйымдылығы 18,6 млрд. теңгені немесе 130 млн. долларды құрайды. Оның көлеңкелі өндірісін қоса алғанда, отандық рыноктың ішкі рыноктағы үлесі 40%-ға дейін жетеді.

1991 жылға дейін Қазақстан рыногын жиһазбен толықтыру жан басына шаққанда 70-72 АҚШ долларын құрады. Қазіргі уақытта халықтың төлем қабілетінің төмендігіне байланысты осы өнімді тұтыну жан басына шаққанда 8 АҚШ долларына қысқарды. Дамыған елдерде жан басына шаққанда жиһаз 130-дан 260 АҚШ долларына дейін келеді.

Яғни қазіргі уақытта ішкі рыноктың шектеулілігі жиһаз өндірісін, тиісінше ағаш пен кесілген материалдар өндіруді қалпына келтіру мен дамытуды тежеп отыр.

Кесілген материалдар бойынша рыноктың сыйымдылығы отандық өндіріс өнімдерімен 45-50%-ға, негізінен сапасы төмен ағаштан жасалған бұйымдармен 65-70%-ға толықтырылады. Ағаш үгіндісінен жасалған және ағаш талшықты тақталар (бұдан әрі - АҮТ және АТТ) бойынша рыноктың сыйымдылығы тиісінше 250 мың м3 және 6,5 миллион м3 құрайды және импорттың есебінен қамтамасыз етіледі.

## 1.2. Өнім өндіру

Қазақстанның ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібінде 2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2288 кәсіпорын, соның ішінде 2281 шағын және орта бизнес кәсіпорындары тіркелген. Өндіріс көлемінің серпіні кестеде берілген.

### Өнім өндіру көлемінің серпіні

Сала	Жылдар					
	1990	1995	1996	1997	1998	1999
Ағаш материалдары, мың текше м	1764,1	371,4	247,2	181,4	45,9	40,4
Терезе, есік блоктары, мың шаршы м	269,7	204,1	167,4	71,7	83,6	
АТТ, мың шаршы м	8643	2620,4	3864,2	3048,6	483,5	8,4

АҮТ, мың текше м	136,0	1,907	0,137	0,019		
Отыратын жиһаз және оның бөліктері, млн. теңге		119,2	113,2	76,6		
Жиһаз, мың дана		53,0	109,8	68,5		
Саланың ЖІӨ-ге пайызбен алғандағы үлес салмағы	1,0	0,9	0,8	0,8	0,3	0,3
Нақты қолданылып жүрген бағамен өнеркәсіптік өнімнің көлемі, млн. теңге	6303	6318	6083	2444	3403	
Ағаш және ағаш бұйымдарының өндірісіндегі ӨӨҚ саны, мың адам	60,5	28,9	25,4	18,2	6,0	2,8

---

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

### 1.3. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі

Ағаш, ағаштан бұйым және жиһаз өндіру Қазақстанда әрқашан басымдыққа ие болып келді. Алайда саланың көптеген кәсіпорындары 30-60 жылдардағы ресейлік өндірістің ескірген технологиялық жабдықтарымен жабдықталған болатын.

Бұрын сапасы мен дизайны төмен өнімді жаппай өндіруге бағдарланған, технологиясы мешеу және менеджмент деңгейі төмен ірі өндірістер шектеулі импорт жағдайында өнімдерін өткізіп келді.

Дамыған елдерде ағаштан жасалған өнім ассортименті 800-ден 3000 атауға дейін санамаланады, ал Қазақстанда ол 20-50 атауды құрайды.

Ашық экономика жағдайында отандық ағаш өңдеуші кәсіпорындар бәсекеге төтеп бере алмай, өндірісін тоқтатты.

Соңғы жылдары импортталатын шикізат пен жартылай фабрикаттардан жиһаздар мен шеберлік бұйымдар өндіру жөніндегі көптеген шағын кәсіпорындар пайда болды. Бағасы мен сапасы жөнінде бұл кәсіпорындардың өнімдері негізінен бәсекелес болып т а б ы л а д ы .

## 2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 2.1. Бағдарламаның негізгі мақсаттары

Бағдарламаның басты мақсаты - кесілген материалдардың, тақталық материалдардың ағаш бұйымдары мен жиһаздарының отандық өндірісін қалпына келтіру және кешенді дамыту.

Ағаш бұйымдары мен жиһаздың сапасын арттыру, ассортиментін жақсарту кәсіпорындардың технологиялық және техникалық мешеулігін жою, өнімнің бәсекелестік қабілетін өсіру.

Отандық экономиканың тақталық материалдардың, ағаш бұйымдары мен жиһаздарының импортына тәуелділігін жою, ішкі және сыртқы рынокты отандық өндірістің жоғары сапалы өнімімен молықтыру. Отандық тауарларды тұтынудың ондағы үлесін 2003 жылы 70%-ға жеткізу.

### 2.2. Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі үшін шикізаттың ішкі рыногының ашықтығын оңтайландыру;

отандық тауар өндірушілерді теріс пиғылды импорттан қорғауды, отандық тауарды сыртқы рыноктарға жылжытуды қамтамасыз ету;  
ішкі және сыртқы рыноктарда отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;  
салаға инвестиция тартуды ынталандыратын жағдайлар жасау.

## 3. ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІГІ

### 3.1. Бағдарламаның басымдықтары

Ағаш өңдеу өнеркәсібінде - кесілетін материалдар, тақталық материалдар, құрылыс және ағаш шеберлігі бұйымдарын, жиһаз жасау үшін ағаштан дайындамалар өндіру.

Жиһаз өнеркәсібінде - сапасы мен бағасы бойынша бәсекеге қабілетті жиһаздардың кең ассортиментін өндіру.

### 3.2. Негізгі бағыттары:

саланы қалпына келтіруді және дамытуды ынталандыратын жағдайлар жасау;  
қолданылып жүрген заңнамалардың негізінде ішкі рынокты теріс пиғылды импорттан қорғау;

өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған шаралар;

осы Бағдарламада айқындалған басымдықтардың шеңберінде саланың ең тиімді жобаларын несиелендіру жолымен инвестициялық қолдау.

### 3.3. Бағдарламаны іске асырудың тетігі

3.3.1. Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібін қалпына келтіру мен дамытуға арналған қолайлы экономикалық орта құру және бәсекелестік жағдайларды қамтамасыз ету үшін :

ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі импорттық тауарларының сапасы мен бағаларының деңгейіне мониторинг енгізу;

заңнамаға сәйкес қазақстандық рынокта теріс пиғылды бәсекені жүзеге асыратын импорттаушыларға қатысты демпингке қарсы және өтемақылық тексерулерді қозғау;

әкелімдік кеден бажының нөлдік ставкаларын кеміту және белгілеу үшін Қазақстан Республикасында өндірілмейтін сала үшін шикізат пен жинақтамалық материалдар тізбесін белгілеу. Сала үшін шикізаттың және жартылай фабрикаттардың осы түрлерінің отандық өндірісін игеруге байланысты оларды жыл сайын қайта қарауды қ а м т а м а с ы з е т у .

3.3.2. Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің сапасы мен бәсекелестік қабілетін арттыру және Қазақстанға сапасы нашар өнімнің импортын болдырмау үшін:

міндетті түрде сертификаттауға жататын, сертификатталмаған өнімдердің Қазақстанға келіп түсуін болдырмаудың тетігін жасау;

салаға тартылатын тікелей инвестициялардың есебінен олардың отандық және импорттық өнімдердің сараптамасын жүргізуі және салалардың аспаптық базасының халықаралық стандарттарға сәйкестігіне метрологиялық қамтамасыз ету үшін республикада халықаралық деңгейде аттестацияланған, тәуелсіз сынақ орталықтарын қ ұ р у ;

импортталатын және отандық өнімдер мен сынақтарға қойылатын реттеуші талаптарды халықаралық талаптармен үйлестіруді қамтамасыз етуі қажет;

кадрлар даярлау жөніндегі жұмысты және сала қызметкерлерінің біліктілігін а р т т ы р у д ы ж е т і л д і р у ;

сала мамандарының өтілін шетелде өткізуін ұйымдастыру қажет.

3.3.3. Саладағы өндірістердің жұмыс істеп тұрғандарын қолдау және жаңаларын ұ й ы м д а с т ы р у м а қ с а т ы н д а :

сыртқы, республикалық және аймақтық рыноктардың конъюнктурасын зерттеу және кәсіпорындардың осы рыноктарға ағаш өңдеу және жиһаздар өнімдерін

жылжытуында қызмет көрсету жөніндегі маркетингтік орталықтар құруға мүмкіндік  
т у ғ ы з у ;

### 3.3.4. Ағаш өңдеу және жиһаз саласының басымдықты, тиімділігі жоғары

жобаларын несиелендіруді Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің жобалар бойынша барлық тәуекелдерді өздеріне алулары арқылы ірі жобаларды бірлестірілген негізде (бірлескен несиелендіру үшін банктер консорциумын құру) несиелендіруді қоса алғанда екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) арқылы жүзеге асырылады.

## 4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Қаржылық қаражаттың қажеттілігі жылына 50 млн. АҚШ долларын құрайды. Қаржы көзі - салаға тікелей инвестицияларды тарту.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Ағаш өңдеу өнеркәсібін қалпына келтірудің және дамытудың бағдарламасы 2001-2003 жылдарға есептелген.

2002 жылы ағаш және ағаш бұйымдарын өндіру 1999 жылдың деңгейіне 126%-ды, ал жиһаз 146%-ды құрайды.

2003 жылы ағаш және ағаш бұйымдарын өндіру 2000 жылдың деңгейіне 138%-ды, ал жиһаз 163%-ды құрайды. Отандық өнімнің ішкі тұтытудағы үлесі 70%-ға жетеді.

-----  
! 2001 ! 2002 ! 2003  
-----

Ағаш және ағаш бұйымдарын өндіру

1999 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің өсімі, млн. теңге	272,3	471,9	689,7
---	-------	-------	-------

2000 жылға %-бен алғанда	112	125	137
--------------------------	-----	-----	-----

2000 жылмен салыстырғанда қалпына келтіру және жаңа жұмыс орындарын іске қосу, мың адам	3,35	3,75	4,0
---	------	------	-----

Жиһаз өнеркәсібі



1999 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің өсімі, млн. теңге	1498,0	1968,8	2568,0
2000 жылға %-бен алғанда	114	147	163
2000 жылмен салыстырғанда қалпына келтіру және жаңа жұмыс орындарын іске қосу, мың адам	5,7	7,3	8,1

-----

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесі:

2003 жылы ағаш және ағаш бұйымдарын өндіруді 2000 жылмен

салыстырғанда 1,4 есе, жиһазды - 1,6 есе ұлғайту ішкі тұтытуда отандық өнімнің үлесін 70%-ға дейін жеткізу;

жиһаз өндірісі кезінде және құрылыстағы шикізат ресурстарына қажеттілікте импортты алмастыру, шикізат сатып алу үшін мемлекеттік валюта қаражатының жылыстауын қысқарту;

ағаш, ағаш тақталар, жиһаздар өндірісінде жұмыс орындарын қалпына келтіру және жалпы алғанда оларды 4 мың адамға ұлғайту болады.

## 6. АҒАШ ӨНДЕУ МЕН ЖИҒАЗ ӨНЕРКӘСІБІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ЖӘНЕ

### ДАМЫТУДЫҢ 2001-2003 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

#### ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

-----

Р/с!	Іс-шаралар	!	Аяқтау нысаны	!	Орындауға	!	Орындау
N!	!	!	жауаптылар	!	мерзімі		

-----

6.1. Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібін қалпына келтіруді және дамытуды ынталандыратын жағдайлар жасау

6.1.1. Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі импорттық тауарларының сапасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат министрлігі Экономика және сауда ж.ж. 2001-2003

мен бағаларының  
деңгейіне мониторинг  
жүргізу

6.1.2. Үкіметаралық келісім. Қазақстан Экономика 2001-2003  
дерге сүйене отырып, Республикасы және сауда ж.ж.  
Қазақстан Республика. Үкіметінің министрлігі  
сында өндірілмейтін қаулысы  
шикізаттың және жинақ.  
таушы материалдардың  
тізбесі бойынша шекті  
мүмкіндік деңгейіне  
кеден баждарының  
ставкасын белгілеу

6.2. Ағаш өңдеу мен жиһаз өнеркәсібі өнімінің бәсекеге қабілеттілігін  
арттыру және сапасыз тауарлар импортын болдырмау үшін өндірісті  
сертификаттауды және оның сапасын бақылауды дамыту

6.2.1. Қазақстанға сертификат. Қазақстан Мемлекеттік 2001 ж.  
талмаған өнімдердің Республикасының кіріс  
келіп түсуін болдырмау Үкіметіне ақпарат министрлігі  
жөніндегі тетікті жасау Экономика  
және сауда  
министрлігі

6.2.2. Импорттталатын және Қазақстан Экономика 2001 ж.  
отандық өнімдердің Республикасының және сауда қараша  
нормативтік құжаттар Үкіметіне ақпарат министрлігі  
талаптарына сәйкестігі  
сараптамасының рәсім.  
дерін жетілдіру,  
сондай-ақ сертификат.  
талған сынақ зертхана.  
ларын метрологиялық  
қамтамасыз ету жөнінде  
ұсыныстар енгізу

6.2.3. Сала кәсіпорындарының -//- Экономика 2002-2003

9000 сериялы ИСО сапасы және сауда ж.ж.  
жүйелерінің стандарт. министрлігі  
тарына өтуі кезінде  
әдістемелік көмек және  
жәрдем көрсету

6.3. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді қалпына келтіру және жаңа өндірістер ұйымдастыру жөнінде ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі саласындағы кәсіпкерлерге техникалық көмек

6.3.1. Ішкі және сыртқы рынок. Қазақстан Экономика 2001 ж.  
тардың конъюнктурасын Республикасының және сауда желтоқсан  
зерттеу маркетингтік Үкіметіне ақпарат министрлігі  
орталықтарын құрудың  
және кәсіпорындарға осы  
рыноктарға олардың  
тауарларын жылжытуда  
қызмет көрсетудің  
тетігін әзірлеу

6.3.2. Кадрлар даярлау -//- Ағаш өңдеу жыл сайын  
жөніндегі жұмысты және өнеркәсібі  
сала қызметкерлерінің кәсіпорын.  
біліктілігін арттыру дарының  
қауымдастығы  
(келісім  
бойынша)

6.3.3. Сала кәсіпорындарының Қазақстан Ағаш өңдеу 2002-2003  
халықаралық көрмелерге Республикасының өнеркәсібі ж.ж.  
қатысуын, мамандарды Үкіметіне кәсіпорын.  
тағылымдамадан, оның ұсыныс дарының  
ішінде шетелде өткізуді, қауымдастығы  
техникалық және (келісім  
материалдық көмек бойынша)  
көрсетуді ұйымдастыру

---

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК